

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 қыркүйек N 1173

Жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа оқу әдебиетін дайындау және басып шығару проблемаларының маңыздылығы мен жеделдігін ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.30. N 323 қаулысымен.

P990323_

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі: <*>

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспарын әзірлесін;

конкурстық негізде жалпы білім беретін мектептер үшін басылып шығарылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттерге іріктеу жүргізісін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.15. N 823

қаулысымен. P010823_

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

алғашқы баспалдақтың бірінші сыныбы үшін жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жасау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде 1996 жылға көзделген қаражаттар шегінде жүргізісін; <*>

1997 жылдан бастап мемлекеттік бюджетті бөлген кезде жыл сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне Мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ мектептің негізгі баспалдағының пәндері бойынша: "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті", "Қазақстан тарихы", "Қазақстан жағрафиясы", "Адам және қоғам", "Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқының негіздері" атты жаңа оқулықтар дайындауға арнап мақсатты жұмсауға қаражат бөлуді көздесін.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындау мен басып шығару шығыстарын қаржыландыру жыл сайын республика бюджетінде осы мақсатқа көзделетін қаржының есебінен жүзеге

асырылсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді және абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің

1999.03.30. N 323 қаулысымен.

P990323_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.15. N 823
қаулысымен.

P010823_

4. Облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдері белгіленген тәртіппен мемлекеттік орта білім беретін мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтарды сатып алу мен жеткізуді қамтамасыз етсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.30. N 323 қаулысымен.

P990323_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.06.15. N 823
қаулысымен.

P010823_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1173 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін
мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік
кешендерін дайындау мен басып шығарудың
мақсатты бағдарламасы

Қазіргі кездегі мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асыру білім мазмұны мен оқытудың барлық әдістемелік жүйесін жалпы орта білімнің жалпыға бірдей міндетті стандартына сәйкес қайта қарауды талап етеді. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің жаңа буындарын жасамайынша және оларды мектепке енгізбейінше қоғамның білім беру жүйесіне қоятын әлеуметтік тапсырысын жүзеге асыру мүмкін емес.

Жалпы білім беретін мектептің құрылымы бастауыш, негізгі және жоғары сатылы болатын жаңа моделі жыл сайын бір-бір сыныптан біртіндеп енгізіледі. Бұл, бір жағынан, оны енгізу механизмінің маңызды буыны жалпы білім беретін мектептің барлық сатылары және пәндері бойынша жалпыға бірдей міндетті стандартқа сәйкес жаңа оқулықтар мен олардың оқу-әдістемелік кешендерін жасау, дайындау мен басып шығаруды жүргізуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, республика мектептерін жаңа модельге кезең-кезеңмен көшіру, оқу әдебиеттерін дайындау мен басып шығаруды қаржылық қамтамасыз ету проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындау мен басып шығарудың ғылыми негізделген Мақсатты бағдарламасы (бұдан әрі - Мақсатты бағдарлама) басқару органдарының, ғылыми-зерттеу, педагогикалық және авторлық ұжымдардың, баспалардың оларды әзірлеу, басып шығару және Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін және басқа типті мектептеріне енгізу жөніндегі қызметінің стратегиясын айқындау мен оны үйлестірудегі негізгі құжат болып табылады.

Бұл Мақсатты бағдарламаның негізгі мақсаты пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, оқушылардың білімдері мен іскерліктерінің базалық деңгейін қамтамасыз ететін, пәндер бойынша оның құрамдас бөлігі болып табылатын білім тұжырымдамаларын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар, оқу және әдістемелік құралдарды, тексеру тапсырмаларының жүйесін жасау болып табылады. Мақсатты бағдарламаның тағы бір маңызды құраласы әдебиеттерді сапалы басып шығару, оларды мектептерге уақтылы жеткізу және оқу процесіне енгізу болып табылады.

Бұл мақсатқа жету мынадай негізгі міндетті орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін жасау
және оларды білім беру жүйесіне енгізу

Негізгі міндеттер:

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің тұжырымдық негіздерін айқындау

және сипаттау, олардың негізгі мектептерге арналған құрамы мен құрылымын ашу, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу;

негізгі мектептер, пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер,

бағдарлы мектептер үшін оқу және вариативті бағдарламаларды негіздеу және сипаттау;

мектептер, пәндерді бағдарлы тереңдетіп оқытатын лицейлер, гимназиялар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін жасау;

конкурстық негізде дайындалған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін эксперименттік сынақтан өткізу және оларға түзетулер енгізу;

оқу процесіне жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді енгізу.

N Жұмыс мазмұны	Merзімі
p/c	
	басталуы аяқталуы
1 2	3 4

1. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жасау, сараптау және оларды білім беру жүйесіне енгізу жұмысын реттейтін құжаттарды әзірлеу 1996ж. 1997 ж.

2. Жалпы орта білімнің жалпы міндетті стандартының негізін құрайтын тұжырымдық, нормативтік және әдістемелік құжаттарды әзірлеу 1999 ж. 1999 ж.

<*>

3. Мектеп сатылары бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу:
бастауыш 1999 ж.

<*>

негізгі 1999 ж.

<*>

1999 ж.

<*>

жоғары 1999 ж.

<*>

1999 ж.

<*>

4. Мектеп сатылары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің макетін әзірлеу:

<*>

бастауыш 1996 ж. 1999 ж.

<*>

негізгі 1999 ж.

<*>

2000 ж.

<*>

жоғары 2000 ж.

<*>

2001 ж.

<*>

5. Мектеп сатылары бойынша жалпы білім стандартына сәйкес тексеру тапсырмаларының жүйесін дайындау:

бастауыш 1996 ж. 1999 ж.

<*>

негізгі 1999 ж.

<*>

2000 ж.

<*>

жоғары 1999 ж. 2001 ж.

<*>

6. Мектеп сатылары бойынша оқу
бағдарламаларын,
оқулықтары мен оқу-әдістемелік
кешендерін орыс және ұйғыр,
өзбек тілдеріне аудару:

<*>

бастау	1996 ж.	1999 ж.
--------	---------	---------

<*>

негізгі	1999 ж.
---------	---------

<*>

2000 ж.

<*>

жоғары	2000 ж.	2001 ж.
--------	---------	---------

<*>

7 - 11

<*>

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді
басып шығару және тарату
Негізгі міндеттер:

оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді баспаға дайындаудың

ережесін айқындау, баспаларды таңдап алу және олармен келісімдер
жасасу;

тұрақты оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің қолжазбаларын
кезеңдік және қорытынды сараптаудан өткізу;

баспа, баспахана мекемелерінде қолжазбалардың бекітілген ретпен
өтуін дер кезінде қадағалау;

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару;
мектептерді баспадан шығарылған оқулықтармен және

оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

N	Жұмыс мазмұны		Мерзімі
р/с	_____		
	басталуы	аяқталуы	
1	2	3	4

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару жөніндегі жұмыс

1. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің макеттерін басып шығаруға дайындауды реттейтін және баспалар мен баспаханалардан өту тәртібін қадағалайтын құжаттар әзірлеу 1996 ж. 2000 ж.

<*>

2.

<*>

3. Оқу жылдары бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару және оларды көбейту жоспарын дайындау:

6-сынып	2000-2003 оқу жылы,
7-сынып	2003-2004 оқу жылы,
8-сынып	2004-2005 оқу жылы,
9-сынып	2005-2006 оқу жылы,
10-сынып	2006-2007 оқу жылы,
11-сынып	2007-2008 оқу жылы.

<*>

4.

<*>

5. Оқу жылдары бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аймақтық орталықтарға жеткізу:

6-сынып	2002-2003 оқу жылы,
7-сынып	2003-2004 оқу жылы,

8-сынып	2004-2005 оқу жылы,
9-сынып	2005-2006 оқу жылы,
10-сынып	2006-2007 оқу жылы,
11-сынып	2007-2008 оқу жылы.

<*>

5-1. Оқу жылдары бойынша

оқулықтар мен оқу-әдістемелік
кешендерді білім беру жүйесіне
енгізу:

6-сынып	2002-2003 оқу жылы,
7-сынып	2003-2004 оқу жылы,
8-сынып	2004-2005 оқу жылы,
9-сынып	2005-2006 оқу жылы,
10-сынып	2006-2007 оқу жылы,
11-сынып	2007-2008 оқу жылы.

<*>

6.

<*>

7. Мектеп сатылары бойынша жалпы білім

беретін мектептер мен басқа оқу
орындарын оқулықтармен
және оқу-әдістемелік кешендермен
қамтамасыз ету:

<*>

бастауыш	1998 ж.	1999 ж.
негізгі	2000 ж.	

<*>

2001 ж.

<*>

жоғары	2001 ж.
--------	---------

<*>

2002 ж.

<*>

ЕСКЕРТУ. Бағдарлама өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.03.30. N 323

қаулысымен.

P990323_

ЕСКЕРТУ. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.15. N 823

қаулысымен.

P010823_

ЕСКЕРТУ. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.26. N 475

қаулысымен.

P020475_